

Лебяжі ауылдық округі Аққу ауылының Амангельді көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Лебяжі ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қарашада № 4201 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Лебяжі ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 2 наурыздағы N 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі ауданы Лебяжі ауылдық округі әкімінің 02.03.2015 N 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1-бабына сәйкес, Лебяжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде, Лебяжі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жануарлардың құтыру ауруының анықталуына байланысты Лебяжі ауылдық округінің Аққу ауылындағы Амангельді көшесінде шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Ауылдық округ әкімі	Е. Балтабаев
<p style="text-align: center;">К Е Л І С І Л Д І Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Лебяжі аудандық аумақтық инспекциясының б а с ш ы с ы</p>	Г. Сағалов
2014 жылғы «19» қараша	